



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

« 0 » 10 2021 жылғы № 61  
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Үздік онлайн сабақ» қалалық сырттай  
байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Орталық) жоспарына сәйкес және білім үдерісінде жаңартылған білім беру жүйесінің мазмұнын жүзеге асыру жағдайында тиімді сабақ, белсенді әдіс, табысты сабақ беретін пән педагогтерінің іс-тәжірибесін айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Үздік онлайн сабақ» қалалық сырттай байқауы 2021 жылғы 1-30 қазан аралығында ағылшын тілі пәні педагогтері арасында өткізілсін.
2. «Үздік онлайн сабақ» қалалық сырттай байқауының (бұдан әрі –Байқау) ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін;
3. Байқаудың ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Байқаудың қазылар алқасы құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін;
5. Байқауды ұйымдастыру және өткізуді қаржыландыру шығыстарын сметаға сәйкес төленуі қамтамасыз етілсін (Есхожина Ж.Д.).
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық басшысының орынбасары Г. Абишеваға жүктелсін.

Басшы

С. Мадеев